

Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін 2010-2012 жылдарға арналған төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 26/303 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 тамызда № 2081 тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 506 - бабы 1 - тармағына және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабы 5 - тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін 2010 - 2012 жылдарға арналған төлемақы ставкалары осы шешімнің №№ 1,2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Келжанов

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков

« К Е Л І С І Л Д І »

Маңғыстау облыстық орман және
аңшылық шаруашылығы аумақтық
инспекциясының бастығы
Қ . Ә б у о в

23 шілде 2010 ж.

« К Е Л І С І Л Д І »

Маңғыстау облысы бойынша
Салық департаментінің бастығы
Қ . Б а к е н о в

23 шілде 2010 ж.

« К Е Л І С І Л Д І »

Облыстық табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу
басқармасының бастығы
Ж . А л б ы т о в

23 шілде 2010 ж.

Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды жанама пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№ р/с	Жанама орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы (теңге)	ставкалары
1.	Шабындық жерлер, соның ішінде шабындық жерлердің сапалық жай-күйінің топтары бойынша:			
1.1	жақсы	га	31,99	
1.2	қанағаттанарлық	га	23,99	
1.3	қанағаттанғысыз	га	18,66	
2.	Мал жаю, соның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының бір басын жаю (топтары бойынша):			
2.1	түйе	бас	18,66	
2.2	ірі қара мүйізді және жылқы	бас	14,93	
2.3	ірі қара төлі және есек	бас	7,46	
2.4	ешкі	бас	13,06	
2.5	кой	бас	3,73	

Мемлекеттік орман қорының учаскелерін аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени - сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда пайдалану үшін төлемақы ставкалары

№ р/с	Пайдалану түрі, соның ішінде мерзімі бойынша	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары (теңге)
Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану	га	57,22
2.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану	га	13,33
3.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану	га	0
Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін)			

4.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану	адам/күн	0,1 АЕК
5.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану	адам/күн	0,1 АЕК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ